

**Конституционная реформа является реальным шагом демократизации страны – сенатор Талгат Мусабаев**

НҰР-СҰЛТАН. КАЗИНФОРМ – Депутат Сената Парламента Казахстана Талгат Мусабаев посетил центральный офис АО «Республиканский центр космической связи» (РЦКС) и обсудил с активом Казкосмоса новые поправки в Основной закон страны, передает корреспондент МИА «Казинформ». Во время встречи со специалистами космической связи с участием вице-министра цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК Малика Олжабекова и председателя Аэрокосмического комитета МЦРИАП РК Баубека Оралмагамбетова состоялся обмен мнениями о конституционной реформе, которой будет посвящен предстоящий республиканский референдум. Сенатор перечислил основные изменения, предложенные в Конституцию страны, а также разъяснил особенности окончательного перехода от суперпрезидентской модели к президентской республике и перераспределения ряда полномочий, более подробно остановившись на роли и статусе Парламента страны после реформы. «Президент Касым-Жомарт Токаев объявил о принятии стратегически новых политических решений и суть всех этих изменений - не просто реформы в экономической, культурной сфере, это забота о человеке, гражданине Республики Казахстан, о его будущем в демократическом, «слышащем» государстве», - отметил Т. Мусабаев. Сенатор призвал всех принять участие в референдуме и сделать свой шаг навстречу «Новому Казахстану». Также экс-председатель Национального космического агентства РК обсудил с коллегами ряд вопросов по развитию космической отрасли Казахстана, которой отведена важная роль в обеспечении информационной безопасности и цифровизации страны.

inform.kz

inform.kz

Референдумда әр азаматтың дауысы маңызды – Президент

НҰР-СҰЛТАН. ҚазАқпарат – ҚР Президенті Қасым-Жомарт Токаев отандық бизнес өкілдерімен кездесуінде 5 маусым күні өтетін республикалық референдумның маңызына тоқталды, - деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі. «5 маусымда республикалық референдум өтеді. Ата заңымызға өзгерістер енгізіледі. Халқымыз осындай бетбұрысты кезеңде ел болашағын айқындауға тікелей атсалысатын болады. Жауапты әр азаматымыздың дауысы айрықша рөл атқарады», - деді Мемлекет басшысы. Сондай-ақ, Президент бизнес өкілдерімен 4 ай бұрын болған кездесуге тоқталды. «Өткен жолғы басқосуда өзара пікір алмасып, жаңа ұстанымдарды айқындадық. Бірлесе жұмыс істеудің жолдарын нақтыладық. Мен бірқатар тапсырма бердім. Төрт ай деген аса көп уақыт емес. Бірақ, осы аралықта ел ішінде және әлемде талай нәрсе өзгерді. Жаңа Қазақстанды құруға кірістік», - деді Қасым-Жомарт Токаев. Айта кетейік, Ақордада Қасым-Жомарт Токаев отандық бизнес өкілдерімен кездесіп жатыр.

inform.kz

Конституцияда жерге қатысты жаңа тұжырым кейін заңды әркімнің тәпсірлеуге жол бермейді – депутат

НҰР-СҰЛТАН. ҚазАқпарат – Конституцияның республикалық референдумға шығарылатын жерге қатысты жаңа тұжырымы кейін заңды әркімнің тәпсірлеуге жол бермейді. ҚР Мәжіліс депутаты Ғалымжан Елеуов осындай пікір білдірді, - деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі. «Конституциядағы жерге және жер қойнауына қатысты меншік мәселесі туралы баптың тұжырымы келешекте әркімнің тәпсірлеуі ықтималдығын жояды. Жер – біздің ұлттық бірегейлігіміздің негізі болуға тиіс. Сондықтан Президент бұл мәселеге нүкте қояды жөн көріп отыр. Бұл – қалыпты процесс. Мемлекет жер қойнауының тиімді бөлініп, тиімді игерілуін бақылайды. Жер мен жер қойнауын мемлекеттің басқаруы Қазақстан халқына әлеуметтік жәрдемақы, тұрғын үй бағдарламасы, инфрақұрылымды дамыту, жұмыспен қамту бағдарламалары сияқты игіліктер әкеледі», - дейді депутат. Оның айтуынша, конституциялық реформа аясында ұсынылып отырған тежемелік әрі тепе-теңдік жүйе Президенттің өкілеттігін әлсірету арқылы Парламенттің өкілеттігін күшейтеді. «Заң қабылдаудың жаңа рәсімі енгізіледі. Заңды Парламент Мәжілісі қабылдайды, ал оны іске асыратын депутаттар саяси бәсеке негізінде сайланады. Мәжілістегі Қазақстан халқы Ассамблеясының квотасы жойылады. Конституциялық заңдар Парламент палаталарының бірлескен отырысында қабылданады», - деді Ғалымжан Елеуов. Сондай-ақ, ол референдумда Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен түзетулер халық тарапынан қолдау тапса, Мәжілістің бақылау функциялары күшейтілетінін айтады. «Конституциялық сот шешім қабылдаған күннен бастап немесе ол белгіленген күннен бастап конституциялық емес деп танылған актілердің күші жойылады және қолданылуға жатпайды. Конституциялық соттың мұндай моделі көптеген дамыған елдерде бар және заңның үстемдігін орнатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Конституциялық сотқа жүгіну құқығын Бас прокурор мен адам құқықтары жөніндегі уәкіл алады. Конституциялық соттың өзі 11 судьядан тұрады. Оның ішінде Президент Сенаттың келісімімен тағайындайтын төраға болады. Төрт судьяны Президент тағайындайды, алты судьяны Парламент, әр палата үш-үштен тағайындайды», - деді Мәжіліс өкілі. Бұған дейін тағы бір Мәжіліс депутаты Ғани Ташқараев референдум Сенаттың ықпалын азайтып, Мәжілістің рөлін арттырады деу қате деген пайым айтқан болатын.

inform.kz

Реформалар халықтың қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласуына зор мүмкіндік береді

НҰР-СҰЛТАН. ҚазАқпарат – Конституциялық реформалар халықтың қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласуына зор мүмкіндік береді. Бұл пікірді ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Гүлдара Нұрымова айтты, - деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі. «5 маусым баршамаз үшін маңызды күн болмақ. Мемлекет басшысының бастамасымен қазір елімізде ауқымды өзгерістер болып жатыр. Өзгерістердің барлығы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасымен тығыз байланысты. Өйткені реформалар халықтың талап-тілегіне арналған. Ел сеніміне ие болмай, «Жаңа Қазақстан» құру мүмкін емес. Президент ұсынған реформалар стратегиялық маңызға ие. Екінші республиканы құру жолында біз адалдық пен әділетті болу қағидаларын қатаң ұстануымыз керек», - деді Г. Нұрымова. Осы орайда ол алдағы басты қадамдарға тоқталды. «Біріншіден, әр адамға тең мүмкіндік беріледі. Яғни, жасанды монополияға жол берілмей, халық арасында шынайы бәсекелестік артатын болады. Сонымен қатар, әкімдер сайлауын енгізу мәселесі

де халықтың көңілінен шығып отыр. Бұл әкімдер сайлауы былтырдан бері елімізде тәжірибеге енгізілді», - деді депутат. «Тағы бір маңызды өзгеріс аясында Мемлекет басшысы жақындарын басшылық қызметтерге тағайындауға шектеу қоюды ұсынды. Бұл дегеніміз, өз өкілеттіктерін қысқартып, мемлекетіміз суперпрезиденттік басқарудан мықты Парламенті бар президенттік жүйеге көшеді деген сөз. Осы ретте Парламенттің рөлі күшейіп, депутаттарды сайлау жүйесіне де өзгерістер енгізілмек. Мысалы, Мәжіліс немесе мәслихат депутаты сайлауына қатысу үшін партия мүшесі болу міндетті болатын. Ендігі кезекте, міндетті түрде партияға мүше болмай, депутаттыққа сайлауға үміткер ретінде қатыса алады. Жалпы конституциялық реформалар халықтың қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласуына зор мүмкіндік береді», - дейді Гүлдара Нұрымова.

inform.kz

Қазақстан азаматтары референдумға шетелден де қатыса алады - СІМ

НҰР-СҰЛТАН. ҚазАқпарат - Қазақстан азаматтары ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі референдумға шетелден де қатыса алады. Бұл туралы ҚР сыртқы істер министрлігінің баспасөз қызметі мәлім етті, - деп хабарлайды ҚазАқпарат. «ҚР Президентінің быылғы 5 мамырдағы №888 Жарлығына сәйкес 5 маусымда Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша жалпыұлттық референдум өтеді. Қазақстанның шетелдегі мекемелерінің жанынан 52 шет мемлекетте 65 учаскелік комиссия құрылды», - делінген хабарламада. Дауыс беруге қатысу үшін белсенді сайлау құқығы бар, тиісті шет мемлекетте тұратын немесе жеке, қызметтік, іскерлік және туристік мақсатпен жүрген және ҚР азаматының жарамды паспорты бар Қазақстан

Республикасының азаматтары учаскелік комиссия құрылған Қазақстанның дипломатиялық өкілдігіне жүгіне алады. ҚР шетелдегі мекемелерінде дауыс беру «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңының 38-ші бабының 1-ші тармағына сәйкес референдум өткізілетін күні (2022 жылғы 5 маусым) жергілікті уақыт бойынша сағат 07:00-ден 20:00-ге дейін өткізілетін болады. «Сонымен бірге, шетелдегі сайлау процесін уақтылы және толықтай дайындау мақсатында Қазақстан Республикасының азаматтарын жақын маңдағы сайлау учаскесіне алдынала хабарласып, сайлаушылар тізіміне енгізу үшін мәлімет берулерін сұраймыз», - деп хабарлады ҚР СІМ.

inform.kz

Бұл референдум барлық демократиялық қағидаларға сәйкес келеді - Мәжіліс депутаты

НҰР-СҰЛТАН. ҚазАқпарат – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Самат Мұсабаев алдағы референдумның мән-маңызы және заңнамалар жүзінде енгізілетін өзгерістер туралы ой бөлісті, - деп хабарлайды ҚазАқпарат. «Ендігіде Мемлекет басшысы қандайда бір облыс, не республикалық маңызы бар қала әкімі лауазымына жалғыз емес, бірнеше кандидатты баламалы негізде ұсынады. Оларды облыстық немесе қалалық мәслихат депутаттары таңдайтын болады. Демек, бұдан былай облыс әкімі де сайланады дей аламыз. Іс жүзінде аймақ басшысы кім болатынын жергілікті депутаттар айқындайды», - дейді депутат. Сондай-ақ, Самат Мұсабаев Парламент пен мәслихаттар депутаттары құрамының жасақталуына қатысты өзгерістерді де атап өтті. «Президенттің Сенаттағы квотасы 15 депутаттан 10-ға дейін қысқарады. Мәжілістің депутаттық корпусының 70 пайызы пропорционалдық, 30 пайызы мажоритарлық тәсілмен жасақталады. Облыстық мәслихаттардың 50 пайызы мажоритарлық жүйемен, 50 пайызы партиялық тізіммен, ал аудандық деңгейде 100 пайыз депутаттар мажоритарлық тәсілмен сайланбақ. Онымен қоса, енді Мәжіліс 107 емес 98 депутаттан құралмақ», - деді ол.

Еліміздегі жүріп жатқан осы саяси реформалардың арқасында Мәжіліске әртүрлі көзқарастағы азаматтардың келуіне жол ашылып, саяси бәсекелестіктің артуы мен демократияның дами түсетінін айтты. «Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Конституцияға енгізілетін түзетулердің барлығын Парламент қабылдауы тиіс. Алайда, алдағы ауқымды әрі маңызды өзгерістер ел болашағына айрықша әсер етеді. Сол себепті де, Президентіміз Қасым-Жомарт Токаев республикалық референдум өткізу туралы жарлыққа қол қойды. Референдум - жарқын келешектің іргетасын қалайтын аса маңызды шара. Өйткені, қоғамда күрмеуі шешілмей келе жатқан күрделі мәселелер тым көп. Сол себепті, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын алға қоя отырып, осындай маңызды шешім қабылданды деп бағаладым. Әлбетте, еліміз зор өзгерістер алдында тұр. Сондықтан, 5 маусым күні әр қазақстандықты өзінің азаматтық борышын орындауға шақырамын. Бұл референдум барлық демократиялық қағидаларға сәйкес келеді деп есептеймін», - деп түйіндеді Самат Мұсабаев.

inform.kz

Граждане РК смогут проголосовать на референдуме за рубежом

НҰР-СҰЛТАН. КАЗИНФОРМ - При загранучреждениях Казахстана в 52 иностранных государствах образованы 65 участковых комиссий, передает МИА «Казинформ» со ссылкой на сайт Министерства иностранных дел РК. Для участия в голосовании граждане Республики Казахстан, обладающие активным избирательным правом, проживающие или находящиеся по частным, служебным, деловым и туристическим целям в иностранном государстве и имеющие действительные паспорта граждан РК, могут обратиться в дипломатическое представительство Казахстана, при котором создана участковая комиссия. Голосование при загранучреждениях РК в соответствии с пунктом 1 статьи 38 Конституционного закона РК «О выборах в Республике

Казахстан» состоится в день проведения референдума - 5 июня 2022 г. с 07:00 до 20:00 по местному времени. «Для своевременной и полноценной подготовки процесса голосования за рубежом просим граждан РК заранее связаться с ближайшим избирательным участком и предоставить данные для включения в список избирателей», - сообщили в пресс-службе МИД РК. Ранее сообщалось, что в соответствии с Указом Президента РК №888 от 5 мая текущего года 5 июня состоится общенациональный референдум по внесению изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан.

inform.kz

Граждане готовы принять участие в референдуме - Председатель Мажиліса

НҰР-СҰЛТАН. КАЗИНФОРМ – Президент РК Касым-Жомарт Токаев был проинформирован о выездах депутатов в регионы для проведения встреч с населением по обсуждению предстоящего референдума и предлагаемых изменений в Конституцию, передает МИА «Казинформ» со ссылкой на пресс-службу Акорды. Как информировал Ерлан Кошанов, ежедневно депутатами проводилось до 250 мероприятий, преимущественно в трудовых коллективах, на рынках, социальных объектах и отдаленных населенных пунктах. По его словам, в целом граждане поддерживают предлагаемые реформы и готовы принять участие в референдуме. К разъяснительной кампании по всенародному плебисциту подключена партия AMANAT. Активно работают республиканский и региональные штабы из числа авторитетных партийцев. Мобилизованы депутаты фракций в маслихатах всех уровней и молодежное крыло партии. В ходе поездок мажилісмены получили обратную связь по актуальным проблемам, волнующим население. Все вопросы будут систематизированы и отработаны совместно с Правительством согласно утвержденному алгоритму. Председатель Мажиліса проинформировал Главу государства о законодательной деятельности Палаты. С начала сессии

одобрено 64 законопроекта, на рассмотрении – 51, в том числе в реализацию поручений Президента. Поправки касаются налогового кодекса, правоохранительных органов, финансовых пирамид, а также вопросов противодействия легализации доходов, полученных преступным путем. Президенту также доложили о подготовке к публичному заслушиванию отчета Правительства и Счетного комитета за 2021 год, а также проведению парламентских слушаний по вопросам водных ресурсов. Кроме того, Ерлан Кошанов проинформировал Касым-Жомарта Токаева об усилении работы по линии парламентской дипломатии. В мае проведено совместное выездное заседание профильных комитетов парламентав Казахстана и Кыргызстана по международным делам и обороне на пограничном посту в поселке Кордай Жамбылской области. В июне планируется участие депутатов в заседании советов Парламентской Ассамблеи ОДКБ в Армении и Парламентской Ассамблеи Тюркоязычных стран в Кыргызстане.

inform.kz